

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

Астана қ.

2025 жылғы наурыз

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес және «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі - Қоғам) басқарма төрағасының 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 21-25П бұйрығының негізінде Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 6 ақпаннан 6 наурызға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең: 2024 жылғы 1 ақпаннан 2025 жылғы 1 наурызға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу үшін дереккөздер ретінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, Қоғамның қызметіне қатысты Қоғамның ішкі актілері, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тексеру материалдары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер пайдаланылды.

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жауапты қызметкерлерінен құралған жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. *(Қоса беріледі)*

Жұмыс тобының жұмысын үйлестіру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жауапкершілік Комплаенс қызметінің басшысына жүктелді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қоғамның мынадай құрылымдық бөлімшелерінде жүргізілді:

1. Стратегия, аналитика және цифрландыру департаменті (бұдан әрі - САЦД)

САЦД өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, осы Ережеге, өзге де ішкі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

САЦД-ның негізгі мақсаттары;

1) Қоғамның миссиясында айқындалған стратегиялық мақсаттарға Қоғамның қол жеткізуіне жәрдемдесу;

2) Қоғамның уәкілетті органдарына белгіленген шектердегі тәуекелдер деңгейін талдау және мониторинг жүргізу есебінен Қоғамның стратегиялық және оперативтілік тұрақтылығы туралы ақпарат беру;

3) Қоғам қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету және климаттық шаралар мен жасыл саясатты цифрландыруды стратегиялық дамыту пайымын құру.

Төмендегі ІНҚ-ға талдау жасалды:

1) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-ның Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясаты;

2) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-ның Даму стратегиясын әзірлеу, келісу, бекіту және іске асыру мониторингі қағидалары;

3) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-ның Тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидалары;

4) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша жоғарыда көрсетілген ІНҚ-да және департаменттің ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

2. Халықаралық ынтымақтастық және маркетинг департаменті (бұдан әрі - ХЫМД)

ХЫМД өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне, осы Ережеге, Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

ХЫМД-ның негізгі мақсаттары;

- 1) халықаралық ұйымдармен және институттармен әріптестік;
- 2) халықаралық бағдарламалардағы жұмыс шеңберінде қаржыландыруды тарту;
- 3) Қоғам қызметін көпшілікке жариялап отыру және БАҚ-пен өзара іс-қимылды дамыту;
- 4) тәжірибе алмасу және Қоғамның сарапшылық әлеуетін арттыру бойынша тұрақты даму саласында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

Төмендегі ІНҚ-ға талдау жасалды:

1) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Жарғысы;

2) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Экологиялық және әлеуметтік басқару саясаты;

3) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-ның Ақпараттық саясаты;

4) Халықаралық ынтымақтастық және маркетинг департаменті туралы ереже.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша жоғарыда көрсетілген ІНҚ-да және департаменттің ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

3. Жобаларды басқару департаменті (бұдан әрі - ЖБД)

ЖБД-ның негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) гранттық жобаларды басқару;
- 2) жобаларды іске асыру үшін әріптестер іздеу және тарту;
- 3) консультациялық қызметтер көрсету;
- 4) білімді экологиялық бағалау жүйесін енгізу жөніндегі халықаралық практикаларды бейімдеу.

ЖБД қызметін реттейтін мынадай ІНҚ-ға талдау жасалды:

1) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Жарғысы;

2) Жобаларды басқару департаменті туралы ереже;

3) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-ның кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтеулі қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі қағидалары;

4) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-ның Жобалау комитеті туралы ереже;

5) Жасыл климат қорында аккредиттеу процесін сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің құнын есептеу тәртібі;

6) «Халықаралық жасыл технологиялар және жасыл жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының инвестициялық қызметі жөніндегі нұсқаулық.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша ЖБД қызметін реттейтін ІНҚ-да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

Сонымен қатар, «Readiness II» жобасын іске асыру үшін сарапшыларды тарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша Департамент қызметін талдау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға қолайлы жағдайлар анықталды.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 631-п бұйрығының негізінде БҰҰ-ның Жобаларға қызмет көрсету жөніндегі басқармасы (бұдан әрі - «ЮНОПС») мен «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арасында гранттық қолдау туралы келісім жасалды.

Өзектілендірілген іс-шаралар жоспары (Logical Framework) және бюджет негізінде Жобаны дамыту жоспары әзірленді, бекітілген бюджет пен іске асыру кестесін ескере отырып, әрбір компонент үшін техникалық тапсырмалар қалыптастырылады.

Техникалық тапсырмалар мен тендерлік құжаттама департаменттерде (заң, қаржы және т.б.) ішкі келісімнен өткізіледі. Тендерлік құжаттама бекітілгеннен кейін Қоғамның сайтында жарияланады.

Ұлттық сарапшылар Гранттық қолдау туралы келісімге қол қойылған іс-шаралар жоспарына сәйкес тартылады.

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың ақылы қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі қағидаларда Қағидалардың бір талабында контрагенттердің сенімділігіне тексеру жүргізу көзделгені көрсетілген.

Комплаенс қызметі туралы ереженің 21-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен келіп түсетін сұрау салулар негізінде Қызмет ҚР порталдарынан алынған деректер бойынша контрагенттердің сенімділігін тексереді.

Сонымен қатар, ҚР шегінен тыс жұмыс істейтін халықаралық консультанттарға қатысты тексеру жүргізу туралы сұрау салулар келіп түскен кезде, Қоғамда олардың сенімділігіне толық талдау жасау үшін қажетті құралдар мен тетіктердің (ақпараттық жүйелердің) жоқтығына байланысты тексеру жүргізуге мүмкіндік болған жоқ.

Осылайша, осы факт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауына мүмкіндік туғызады.

Ұсыныстар:

1) *көрсетілетін қызметтерді әлеуетті орындаушыларды тарту кезінде Кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтеулі қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі қағидаларда көзделген рәсімдерді қатаң ұстану;*

2) *шетелдік контрагенттердің сенімділігін толық талдау мен тексеруді жүзеге асыру үшін құралдар мен тетіктерді (ақпараттық жүйелерді) тарту және оларға қол жеткізу мүмкіндігін қарастыру қажет;*

3) конкурстық материалдарды кейіннен олар өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтай отырып, көрсетілетін қызметтерді әлеуетті орындаушылармен әңгімелесу жүргізу процесін видео-аудиоға жазып алу мүмкіндігін көздеу.

4. Жасыл технологиялар департаменті (бұдан әрі - ЖТД)

ЖТД өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, осы Ережеге, өзге де ішкі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

ЖТД-ның негізгі мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасында жасыл технологиялар нарығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) жасыл технологиялар бойынша нормативтік құқықтық негізді жетілдіру.

ЖТД өз қызметінде мынадай ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады::

1) «Жасыл» технологияларды, жобаларды және жабдықтарды отандық өндірушілер мен жеткізушілердің «жасыл» технологиялары мен жобаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу туралы ереже;

2) онлайн семинарлар мен вебинарларды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызмет көрсетуге арналған тариф.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша ЖТД қызметін реттейтін ІНҚ-да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар анықталған жоқ.

Алайда, GCIP-Kazakhstan акселерациялау бағдарламасы шеңберінде стартаптарды іріктеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша Департамент қызметіне жасалған талдау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға қолайлы жағдайларды анықтады. Жобалық құжатта баяндалған бағдарлама талаптарына сәйкес акселерациялау бағдарламасының тиімділік индикаторлары белгіленген. 2024 жылы акселерациялау бағдарламасына қатысу үшін 128 өтінім берілді, оның ішінде 55 стартап конкурс талаптарына сәйкестігі бойынша тексеруден сәтті өтті. Іріктеудің бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша 32 стартап акселерациялау бағдарламасына әрі қарай қатысуға рұқсат алды. Акселерациялау бағдарламасын 24 стартап аяқтады, олар 1 желтоқсанда GCIP жартылай финалына қатысты.

Мәселен, GCIP бағдарламасының жартылай финалистерінің, финалистері мен жеңімпаздарының өтінімдерінің санын бекіту тәртібін айқындайтын тиісті актінің жоқтығына байланысты, бағалау нәтижелерін талқылау барысында қазылар алқасына Қоғам алдын ала жоспарлаған және әлеуметтік желілерде мәлімдеген 10 адамның орнына финалистер санын 12 адамға дейін арттыру ұсынылды, адам саны арттырылды.

Осылайша, мұндай жағдайлар тек бедел тәуекелін туындатып қана қоймай, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға да жағдай жасайды.

Ұсыныстар:

Құқықтық кемшілікті жою, лауазымды тұлғаның шешім қабылдауының толық негіздері мен тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжат қабылдау, себебі лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің құзыретін регламенттейтін ережелердің болмауы заңсыз пайда алу мақсатында өкілеттіктерді ерікті түрде айқындауға мүмкіндік береді.

5. Ең үздік қолжетімді техникалар бюросы (бұдан әрі - ЕҚТБ)

ЕҚТБ өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, осы Ережеге, Қоғам қызметінің тәртібін айқындайтын өзге де ішкі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

ЕҚТБ-ның негізгі мақсаттары:

- 1) ЕҚТБ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу процестерін ұйымдастыру;
- 2) өнеркәсіп кәсіпорындарының КЭР алуы бойынша консультациялық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;
- 3) Техникалық жұмыс топтарының (ТЖТ) қызметін сала бейіні бойынша ұйымдастыру;
- 4) стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін нормативтік-құқықтық негіз құру;
- 5) өнеркәсіптік кәсіпорындардың ЕҚТ енгізу бойынша болжамды әлеуетін анықтау;
- 6) ҚР-да ЕҚТ саясатын ілгерілету және консультациялық қызметтер көрсету;
- 7) ЕҚТ бойынша ақпараттың жалпыға қол жетімділік жоспарын іске асыру үшін ең үздік қолжетімді техникаларды енгізу және цифрлық тетіктерді енгізу.

Өз қызметінде ЕҚТБ мынадай ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады::

- 1) Қолда бар/жоспарланған техникалық шешімдердің ең үздік қолжетімді техникаға көшу қағидаттарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру бойынша консультациялық қызметтер көрсету қағидалары;
- 2) Қоршаған ортаны қорғау саласында іскерлік ойындар мен вебинарлар өткізу ережесі;
- 3) Кешенді экологиялық рұқсат алу бойынша консультациялық қызметтер көрсету ережесі;
- 4) Кешенді технологиялық аудит (сараптамалық бағалау) жүргізу қағидалары, Кешенді технологиялық аудит (сараптамалық бағалау) құнын есептеу тәртібі;
- 5) Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша мониторинг жүргізу және анықтамалықтарды қайта қарау жөніндегі нұсқаулық.

Жоғарыда көрсетілген ІНҚ-дағы және департаменттің ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау үшін қолайлы жағдайлар бар екенін көрсетті.

Мәселен, ҚР Экология кодексінің 113-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ЕҚТ бойынша анықтамалықтар ЕҚТ қолданылатын тиісті салалар бойынша қажетті білімі мен тәжірибесі бар жұртшылық өкілдерінің, тәуелсіз отандық және шетелдік сарапшылардың міндетті түрде қатысуы қағидаты негізінде әзірленеді.

ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды уақтылы және сапалы әзірлеу мақсатында жыл сайын ұлттық сарапшылар ЕҚТ бойынша анықтамалықтардың өнеркәсіптік салаларының ерекшеліктеріне байланысты тартылады.

Тәуелсіз отандық және шетелдік сарапшылардың консультациялық қызметтерін қаржыландыру ББ 044 шарттарында көзделмеген және Қоғамның коммерциялық қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Анықтама: шетелдік сарапшылар Германияның Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі федералдық ведомствосының (UBA), Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисінің жәрдемдесуімен ШЕКОА елдеріне (Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия) арналған қоршаған ортаны қорғау саласындағы консультациялық көмек бағдарламасы (Advisory Assistance Program) шеңберінде халықаралық ұйымдардың донорлық көмегі есебінен (өтеусіз негізде) тартылады.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі бекіткен 2024 жылға арналған ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу кестесіне сәйкес ЕҚТБ бейінді сарапшыларды тартты.

Сарапшылардың деректері бойынша Қоғамның 2024 жылға арналған даму жоспарын уақтылы қалыптастыру және бекіту мақсатында қызметтерді әлеуетті орындаушылардан коммерциялық ұсыныстарды жинау жүзеге асырылады.

Қоғамның кәсіпкерлік қызметінің субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтеулі қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі қағидаларда көзделген рәсімдерге сәйкес, ЕҚТБ қызметтерін әлеуетті

орындаушыларды іріктеу үшін техникалық тапсырмалар, шарттардың жобалары және біліктілік талаптары әзірленеді.

Қоғамның веб-сайтына өткізілетін іріктеу туралы хабарландыруды орналастыру арқылы ТТ-ны, шарт жобасын, біліктілік талаптарын және көрсетілетін қызметтер құнын есептеуді қоса бере отырып, қызметтерді әлеуетті орындаушыларды іріктеуді жүргізуге өтінімдер жіберіледі.

Әлеуетті қызметтерді орындаушылардың бастапқы тізімін айқындау мақсатында іріктеуге қатысу туралы ұсынылған ұсыныстардың нәтижелері бойынша HR-қызметі әлеуетті қызметтерді орындаушылардың құжаттарын ЕҚТБ-ға ұсынады.

Қызметтерді әлеуетті орындаушыларды бағалауды ЕҚТБ қызметкерлері бес балдық шкала бойынша әңгімелесу жүргізу жолымен жүзеге асырады, қорытындылары анықтама түрінде ресімделеді.

Құжаттар көрсетілетін қызметтерді әлеуетті орындаушыларды іріктеудің Қағидалардың талаптарына сәйкестігі туралы конкурстық комиссияның қорытындысын алу үшін жіберіледі.

Қызметтерді әлеуетті орындаушыларды іріктеу рәсімінің қорытынды қадамы шарт жасасу болып табылады.

Қоғамның кәсіпкерлік қызметінің субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтеулі қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі қағидаларды талдау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлардың бар екенін көрсетті. **Мәселен, Қағидалардың 11-тармағында, қызметтерді әлеуетті орындаушыларды бағалау бойынша әңгімелесу жүргізу процесінде қызметкерлердің, шарт бастамашыларының іс-әрекеттерінде қызметтерді әлеуетті орындаушыларды іріктеу кезінде ауқымды дискрециялық өкілеттіктер байқалады.**

Сонымен қатар, осы сыбайлас жемқорлық тәуекелі тек ЕҚДБ қызметінде ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғалармен ақылы қызмет көрсету шарттарын жасасатын Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінде де бар екенін атап өту қажет..

Ұсыныстар:

Қоғамның кәсіпкерлік қызметінің субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтеулі қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі қағидаларға мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) ақпараттың таралып кетуін болдырмау мақсатында шарт бастамашысы әлеуетті қызмет көрсетушілермен әңгімелесуге арналған сұрақтарды Қоғамның ҚБ өкілдерінің қатысуымен тікелей әңгімелесу басталар алдында анықтап, бекітуі тиіс;

2) көрсетілетін қызметтерді әлеуетті орындаушылармен әңгімелесуді шарттың бастамашысы ғана жүргізіп қоймай, сонымен қатар Қоғамның ҚБ өкілдерінің немесе Кадр комитеті мүшелерінің әңгімелесуге міндетті түрде қатысуы көзделуі тиіс;

3) конкурстық материалдарды кейіннен олар өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтай отырып, көрсетілетін қызметтерді әлеуетті орындаушылармен әңгімелесу жүргізу процесін видео-аудиоға жазып алу мүмкіндігін көздеу.

6. Заң және әкімшілік жұмыс департаменті

Талдау жасалып отырған кезеңдегі жағдай бойынша Қоғамның штат саны 66 адам, нақты 63.

Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері тіркелген жоқ.

Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың, жекжаттардың бір-бірінің тікелей қарамағында бірлесіп жұмыс істеуі жөніндегі фактілер анықталған жоқ.

Талдау жасалып отырған кезеңде қызметтік тергеу жүргізбей тәртіптік жауапкершілікке – 1 қызметкер (қызметкер өзінің теріс қылық жасағанын растайды) тартылған, оған сөгіс - тәртіптік жазасы қолданылды.

Талдау жасалып отырған кезеңде персоналмен жұмыс жөніндегі жауапты қызметкер қызметтік тексеру жүргізген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылғандар - 1 адам.

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Басқармасының 2024 жылғы 19 шілдедегі шешімімен бекітілген Персоналды басқару жөніндегі жұмыс регламентінің (бұдан әрі - Регламент) 162-тармағында Қазақстан Республикасының аумағындағы эпидемиологиялық жағдайды негізге ала отырып, жұмыс берушінің актісімен жұмыс процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (қашықтан жұмыс істеу) қолдана отырып, жұмыс беруші орналасқан жерден тыс еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше нысаны енгізілуі мүмкін деп көрсетілген.

Сонымен қатар, талдау барысында Басқарма Төрағасының бұйрықтарымен талдау жасалып отырған кезеңде эпидемиологиялық жағдаймен байланысты емес себептер бойынша Қоғам қызметкерлері қашықтан жұмыс істеуге жіберілгені анықталды.

Персоналды басқару жөніндегі жұмыс регламентінің 10-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **Қоғамның ұйымдық құрылымын қайта қарау үшін Қоғамның Даму жоспары да негіз болып табылады.**

Бұл ретте, көрсетілген ереженің мағынасында Қоғамның ұйымдық құрылымын қайта қарау үшін жеткілікті нақты негіздің түсініксіз екенін атап көрсеткен жөн.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 2-тармағының 4) тармақшасының мағынасын негізге алсақ, Даму жоспары өзінің мәні бойынша **ұйымның бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат болып табылатынын ескерген жөн.**

Көрсетілген құжаттың реттеу ауқымының кеңдігін назарға ала отырып, Қоғамда Даму жоспарының болу фактісінің өзі Қоғамның ұйымдық құрылымын қайта қарау үшін негіз болып табылмайтынын атап өткен жөн.

Өз кезегінде, Регламенттің 10-тармағы 2) тармақшасының ағымдағы редакциясы – қолданушыға осы норманы түсіндірудің ыңғайлы тәсілін таңдауға мүмкіндік береді, қолданушы үшін Қоғамның ұйымдық құрылымын «қолайлы» етуге байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауына мүмкіндік туғызады.

Персоналды басқару жөніндегі жұмыс регламентінің 34-тармағына сәйкес басқарушылық лауазымдарға **кандидаттар басқарушылық лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда және әңгімелесу нәтижелері бойынша** осы бөлімде белгіленген конкурстық рәсімдерді өткізбестен тағайындалады.

Бұл ретте, осы ереженің редакциясында осы кандидаттардың қалай іріктелетіні белгісіз болып қалады.

Регламенттің 37-тармағына сәйкес Қоғам қызметкерлері арасынан кандидаттар болмаған жағдайда бос лауазымға орналасуға конкурстық іріктеу жарияланатынын және сыртқы кандидаттардың қаралатынын қосымша ескеру қажет.

Мұндай жағдайларда Регламенттің жалпы ережелерін талдай отырып, бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурстық рәсімдерді жариялау алдында Қоғам қызметкерлерінің ішінен үміткерлер басым тәртіппен қаралады деген қорытынды

шығаруға болады. Регламенттің мәтіні бойынша Қоғам қызметкерлерінің ішінен кандидаттарды іріктеу рәсімдері регламенттелмегені атап өтіледі, бұл өз кезегінде жекелеген адамдардың бос лауазымдарға орналасуына мүмкіндік жасайды.

Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау қағидаларының 17-тармағына сәйкес Қоғамның штат кестесі Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес әзірленеді және Қоғам Басқармасы лауазымдар тізілімі мен Қоғамның лауазымдық жалақыларының схемасы негізінде бекітеді.

Бұл ретте Регламенттің 12-тармағына сәйкес штат кестесі осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ҚБ-ның атауын, лауазымдардың атауын, штат бірліктерінің саны туралы мәліметтерді қамтиды.

Осылайша, штат кестесін бекіту мәселесі Қоғамның екі ішкі нормативтік құжаты шеңберінде регламенттеледі. Бұл ретте, көрсетілген құжаттардағы **Қоғамның штаттық кестесі нысандарының мазмұны мағынасы жағынан әртүрлі екенін назарға алған жөн.**

Бұл жағдайда жоғарыда көрсетілген Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары арасында қайшылықтың бар екені атап көрсетіледі, бұл өз кезегінде қолданылу процесін қиындатады және қарым-қатынасқа қатысушылардың біріне тиімді нормаларды қолдануға мүмкіндік береді, бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау ықтималдығын едәуір арттырады.

Ұсыныстар:

1) Регламенттің 12-тармағын Ереженің 17-тармағына сәйкес келтіру, сол арқылы ішкі нормативтік құжаттардағы осы қайшылықты алып тастау қажет деп санаймыз.

2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауына жол бермеу мақсатында Регламентті Қоғам қызметкерлерінің арасынан кандидаттарды іріктеу тәртібін регламенттейтін жеке тармақпен толықтыру ұсынылады..

3) Регламенттің 10-тармағының 2) тармақшасына қолданушы үшін «ыңғайлы» ұйымдық құрылым құруға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігін болдырмайтын тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы «16» қыркүйектегі шешімімен бекітілген Басқарма Төрағасының, Басқарма Төрағасының орынбасарларының, Басқарма мүшелерінің, сондай-ақ **ішкі аудит қызметі, комплаенс қызметі қызметкерлерінің** және Қоғамның корпоративтік хатшысының еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қолдау қағидаларының 9-1-тармағына сәйкес Басқарма Төрағасының, Басқарма Төрағасы орынбасарларының, Басқарма мүшелерінің, сондай-ақ ішкі аудит қызметі, комплаенс қызметі және корпоративтік хатшы қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына лауазымдарды қоса атқару, қызмет көрсету аймағын кеңейту және уақытша жұмыста болмаған қызметкердің немесе бос лауазымның міндеттерін атқару (ауыстыру) кезінде өзінің негізгі жұмысынан босатылмай қоса атқаратын лауазым бойынша қызметкерді нақты ауыстырған күндері үшін қызметкердің лауазымдық жалақысының белгіленген мөлшерінің 40% -ы мөлшерінде қосымша ақы төленуі мүмкін.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы типтік ереженің 10-тармағына сәйкес

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі функцияларын квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің

функцияларымен қоса атқаруға жол берілмейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 02/02-27 шешімімен бекітілген Ішкі аудит қызметі туралы ереженің 32-тармағына сәйкес (2020 жылғы 18 ақпандағы ереженің күші жойылды) **ІАҚ қызметкерлері де ІАҚ қызметіне байланысты емес Қоғамдағы функционалдық міндеттерді орындамауы тиіс.**

Ұсыныстар:

Қоғамның ІНҚ-да жоғарыда көрсетілген Қағидалардың 9-1-тармағының мазмұнынан «Комплаенс қызметі» және «Ішкі аудит қызметі» туралы сөздерді алып тастау бөлігінде Қағидалардың 9-1-тармағына өзгерістер енгізу қажет.

Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау қағидаларының 23-тармағында әкімшілік/басқару қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін Қоғам Басқармасының Төрағасы немесе ол уәкілеттік берген адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді ұстағанға дейінгі соманы ескере отырып белгілейтіні көзделген. Лауазымдық жалақының мөлшерін белгілеген кезде **Қоғам Басқармасының Төрағасының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның Қоғамның кадрларын іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның ұсынымдарын ескеруге құқығы бар.**

Бұл жағдайда лауазымды тұлғаның кең дискрециялық өкілеттіктерінің индикаторы, шешімдердің бірнеше түрін қабылдау немесе шешім қабылдаудан бас тарту мүмкіндігі бар екені көрінеді.

Сондай-ақ Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау қағидаларының 26-тармағында әкімшілік/басқару қызметкерінің лауазымдық жалақысын өзгертуге әкімшілік/басқару қызметкерінің басқа лауазымдарға ауысуы кезінде және (немесе) әкімшілік/басқару қызметкері қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша **және (немесе) құрылымдық бөлімше басшысының қызметкердің лауазымдық жалақысын өзгерту қажеттілігін негіздеген ұсынысы бойынша** рұқсат етілетіні көзделген.

Мұндай жағдайда құрылымдық бөлімше басшысының ауқымды дискрециялық өкілеттіктерінің индикаторы, шешімнің бірнеше түрін қабылдау немесе шешім қабылдаудан бас тарту мүмкіндігі де бар екені байқалады.

Ұсыныстар:

1) Қағидалардың 23-тармағына лауазымды тұлғаның ауқымды дискрециялық өкілеттіктерін болдырмайтын тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет.

2) Қағидалардың 26-тармағына шешім қабылдаудың және қызметкердің лауазымдық жалақысын өзгертуге ұсыным дайындаудың нақты мерзімдерін көрсете отырып, құрылымдық бөлімше басшысының ауқымды дискрециялық өкілеттіктерін болдырмайтын тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет.

7. Қаржы департаменті

ҚД өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, осы Ережеге, өзге де ішкі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

ҚД-ның негізгі мақсаттары:

- 1) Стратегияға сәйкес Қоғам қызметінің көрсеткіштеріне қол жеткізу;
- 2) Қоғам қызметін қаржылық-экономикалық сүйемелдеу;
- 2) Қоғамның толық және дәйекті ШҚЕ қалыптастыру және ұсыну;
- 3) Қоғамның жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қоғамда сатып алу рәсімін сақтау;
- 4) бухгалтерлік есеп жүргізу;

5) Қоғам шарттарының, келісімдерінің орындалуын қамтамасыз ету.

ҚД өз қызметінде мынадай ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады::

1) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Салықтық есепке алу саясаты;

2) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-ның Даму жоспарын әзірлеу, келісу, бекіту, орындау мониторингілеу және түзету қағидалары;

3) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының өкілдік шығыстарға көзделген қаражатын пайдалану тәртібі туралы қағидалар;

4) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-дағы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікті дайындау қағидалары;

5) Жоспарланатын техникалық шешімдердің ең үздік қолжетімді техникаға көшу қағидастарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша консультациялық қызметтердің құнын есептеу тәртібі;

6) Кешенді экологиялық рұқсат алу бойынша консультациялық қызметтердің құнын есептеу тәртібі.

ҚД қызметін реттейтін ІНҚ-дағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау үшін жағдайлар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің типтік қағидаларының 17-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 32-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жақын лауазымдардың тізбесін қамтитын аналитикалық анықтама жасалады.

Шешім қабылдау және ұйымдық-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру құқығы берілгендіктен, басшылардың барлық санаты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жақын лауазымдар тізбесіне кіргізіледі (*Тізім қоса беріледі*).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жақын лауазымдар тізбесін Қоғамның Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жақын лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру кезінде пайдаланады.

Қорытынды. Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Қоғамның қызметіне қатысты ішкі актілерде және ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алғаны анықталды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық іс-шаралардың неғұрлым оң нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында оларды алып тастау немесе барынша азайту қажет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Қоғамда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін көрсете отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Басқарма Төрағасы

Комплаенс қызметінің басшысы

**«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-да
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жақын лауазымдар тізбесі**

Р/с №	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне жақын лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Тәуекелдер деңгейі
1	Басқарма Төрағасы	1) үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасағанда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді; 2) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады («Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады; 3) Қоғам Басқармасының, ішкі аудит қызметінің, комплаенс қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді және Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес еңбекақы төлеу қоры шегінде Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді; 4) Қоғам қызметкерлеріне, оның ішінде Ішкі аудит қызметіне, Корпоративтік хатшыға және Комплаенс қызметіне демалыстар беру, қызметтік іссапарларға жіберу туралы бұйрықтар шығарады; 5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады; 6) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекітеді.	1. Дискрециялық өкілеттіктері ауқымды. 2. Рұқсат беру функцияларын іске асыру. 3. Қаржы қаражатын игеру және бөлу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру. 4. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу кезіндегі тәуекелдер. 5. Персоналды басқару кезінде шешім қабылдау тәуекелдері.	Жоғары
2	Басқарма Төрағасының орынбасары	1) жетекшілік ететін мәселелер бойынша Қоғамның қызметін жалпы ұйымдастыруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады; 2) Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдарында, меншік нысанына қарамастан, мекемелерде, ведомстволар мен ұйымдарда өз құзыретіне және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның мүддесін білдіреді; 3) өз құзыреті шеңберінде есептерге, шарттарға, орындалған жұмыстар актілеріне, көрсетілген қызметтер актілеріне, тауарлық-материалдық құндылықтарды, негізгі құралдарды қабылдау-тапсыру актілеріне, салыстыру актілеріне қол қояды/бұрыштама қояды.	1. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу кезіндегі тәуекелдер. 2. Персоналды басқару кезінде шешім қабылдау тәуекелдері. 3. Рұқсат беру функцияларын іске асыру. 4. Қаржы қаражатын игеру және бөлу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру.	Жоғары

3	Заң және әкімшілік жұмыс департаменті директорының орынбасары	1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесі шеңберінде құжаттарды (тендерлік құжаттаманы, хаттамаларды, хабарландыруларды, бұйрықтарды, өкімдерді және өзге де құжаттарды) ресімдеуді, қарауды, келісуді қоса алғанда, сатып алу жоспарлары шеңберінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері/уәкілетті қызметкерлері бастамашылық ететін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және жүргізу, тендерлік комиссиялардың қызметін ұйымдастыру; 2) шарттардың, техникалық ерекшеліктердің, біліктілік талаптарының, сатып алу бастамашыларының хаттарының (сұрау салуларының, хабарламаларының) және өзге де құжаттардың жобаларын қарау және келісу; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттарды дайындауды, келісуді, ресімдеуді және қол қоюды, сондай-ақ олардың орындалуын мониторингтеуді қоса алғанда, осындай шарттардың жасалуын қамтамасыз ету; 4) Қоғам өткізетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілермен өзара іс-қимыл жасау; 5) Қоғам жүргізетін (немесе жүргізген) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша есептіліктің барлық нысандарын қалыптастыру; 6) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттарды қоса алғанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі құжаттарды есепке алу және мұрағатқа тапсырғанға дейін сақтау; 7) тауарларды қабылдау-беру актілерін, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттар шеңберінде өкімдерді, оның ішінде ақы төлеуге өкімдерді келісуді, бекітуді (қол қоюды) қамтамасыз ету.	Сатып алу рәсімін ұйымдастыру және өткізу кезіндегі тәуекелдер.	Жоғары

2025 жылғы «31» наурыз

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c №	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Көрсетілетін қызметтерді әлеуетті орындаушыларды тарту кезінде Кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтеулі қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі қағидаларда көзделген рәсімдерді қатаң ұстану	Басқарманың 2020 жылғы 21 қазандағы № 32 хаттамасымен бекітілген «ХЖТИЖО» КЕАҚ-да ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу қағидаларына сәйкес, Қоғамның кәсіпкерлік қызметінің субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың өтеулі қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі ережеге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу	Қоғамның тиісті органының өзгерістері және/немесе толықтырулары бар ішкі нормативтік құжатты бекіту туралы шешімінен үзінді көшірме	Жобаларды басқару департаменті	2025 жылғы 20 маусым
2	Конкурстық материалдарды олар өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтай отырып, көрсетілетін қызметтерді әлеуетті орындаушылармен әңгімелесу жүргізу процесін аудио-видеоға жазып алу мүмкіндігін көздеу			Жасыл технологиялар департаменті	
3	Ақпараттың таралып кетуін болдырмау мақсатында әлеуетті қызмет көрсетушілермен әңгімелесу мәселелерін шарт бастамашысы Қоғамның ҚБ өкілдерінің қатысуымен әңгімелесу басталар алдында тікелей анықтап, бекітуге тиіс.			Ең үздік қолжетімді техникалар бюросы	
4	Қызметтерді әлеуетті орындаушылармен жүргізілетін әңгімелесуге шарттың бастамашысы ғана емес, сонымен қатар Қоғамның ҚБ өкілдерінің немесе Кадрлар жөніндегі комитеттің мүшелерінің міндетті түрде қатысуын көздеу				

5	Шетелдік контрагенттердің сенімділігін толық талдап, тексеру үшін құралдар мен тетіктерге (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізу мүмкіндігін қарастыру қажет	Басқарманың 2020 жылғы 21 қазандағы шешімімен бекітілген «ХЖТИЖО» КЕАҚ-да ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу қағидаларына сәйкес, Кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардың ақылы қызмет көрсету шарттарын іріктеу, дайындау, жасасу және орындау жөніндегі қағидаларға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу, қол қойылған Жобаларды гранттық қолдау туралы келісімдер негізінде, сондай-ақ қаржылық мүмкіндіктерді негізге ала отырып, халықаралық консультанттарға және/немесе сарапшыларға тексеру жүргізу үшін қаражат тарту тетіктерін көздеу	Шетелдік контрагенттерді тексеру үшін тиісті сервиске берілген қолжетімділік	Жобаларды басқару департаменті Жасыл технологиялар департаменті Қаржы департаменті	2025 жылғы 1 шілде
6	Құқықтық кемшілікті жою, лауазымды тұлғаға шешім қабылдауға қажетті толық негіздер мен тәртіпті белгілейтін ішкі нормативтік құжат қабылдау, себебі лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің құзыретін регламенттейтін ережелер жоқ болса, оларда өкілеттіктерді өз еркімен айқындау мүмкіндігі пайда болады	Ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу қағидаларына сәйкес лауазымды адамның және/немесе талдау объектісінің құзыретін регламенттейтін тиісті ішкі нормативтік құжатты әзірлеу және бекіту	Қоғамның тиісті органының өзгерістері және/немесе толықтырулары бар ішкі нормативтік құжатты бекіту туралы шешімінен үзінді көшірме	Жасыл технологиялар департаменті	2025 жылғы 1 маусым
7	Регламенттің 12-тармағын Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау қағидаларының 17-тармағына сәйкес келтіру, сол арқылы ішкі нормативтік құжаттардағы қайшылықты жою қажет	Ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу қағидаларына сәйкес Персоналды басқару жөніндегі жұмыс регламентінің 10-тармағының 2) тармақшасына, 12, 34, 162-тармақтарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу	Қоғамның тиісті органының өзгерістері және/немесе толықтырулары бар ішкі нормативтік құжатты бекіту туралы шешімінен үзінді көшірме	Заң және әкімшілік жұмыс департаменті	2025 жылғы 1 маусым
8	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауына жол бермеу мақсатында, Регламентті Қоғам қызметкерлерінің арасынан кандидаттарды іріктеу тәртібін регламенттейтін жеке тармақпен толықтыру ұсынылады				

9	Регламенттің 10-тармағының 2) тармақшасына қолданушы үшін «қолайлы» ұйымдық құрылым құруға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігін болдырмайтын тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет				
10	Басқарма Төрағасына, Басқарма Төрағасының орынбасарларына, Басқарма мүшелеріне, сондай-ақ ішкі аудит қызметі, комплаенс қызметі қызметкерлеріне және Қоғамның корпоративтік хатшысына еңбекақы төлеу және оларды әлеуметтік қолдау қағидаларының 9-1-тармағына 9-1-тармағының мазмұнынан «Комплаенс қызметі» және «Ішкі аудит қызметі» деген сөздерді алып тастау бөлігінде өзгеріс енгізу қажет	Басқарма Төрағасына, Басқарма Төрағасының орынбасарларына, Басқарма мүшелеріне, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің, комплаенс қызметінің қызметкерлеріне және Қоғамның корпоративтік хатшысына еңбекақы төлеу және оларды әлеуметтік қолдау қағидаларының 9-1-тармағына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу	Қоғамның тиісті органының өзгерістері және/немесе толықтырулары бар ішкі нормативтік құжатты бекіту туралы шешімінен үзінді көшірме	Заң және әкімшілік жұмыс департаменті е	2025 жылғы 1 маусым
11	Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау қағидаларының 23-тармағына лауазымды тұлғаның ауқымды дискрециялық өкілеттіктерін болдырмайтын тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет	Ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу қағидаларына сәйкес Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау қағидаларының 23 және 26-тармақтарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу	Қоғамның тиісті органының өзгерістері және/немесе толықтырулары бар ішкі нормативтік құжатты бекіту туралы шешімінен үзінді көшірме	Заң және әкімшілік жұмыс департаменті	2025 жылғы 1 маусым
12	Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау қағидаларының 26-тармағына шешім қабылдаудың және қызметкердің лауазымдық жалақысын өзгертуге ұсыным дайындаудың нақты мерзімдерін көрсете отырып, құрылымдық бөлімше басшысының ауқымды дискрециялық өкілеттіктерін болдырмайтын тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет				

Комплаенс қызметінің басшысы